

М.А. Жұмаділова<sup>1\*</sup>, А.Ж. Исаева<sup>1</sup>, Б.Ж. Айтимов<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан;

<sup>2</sup> І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан  
(E-mail: Mira\_19820509@mail.ru, Ayim\_09@mail.ru, bola\_30081978@mail.ru)

ORCID ID0000-0002-4083-0354,

ORCID ID0000-0002-5768-1076,

ORCID ID0000-0001-7928-8550

## Қазақстан Республикасындағы электрондық сауданы дамыту тенденциялары мен проблемалары

Зерттеудің мақсаты блокчейн технологиясының негізінде электрондық сауданы іске асыруға байланысты смарт-келісімшарттарға қол қою мен мұндай келісімшарттар жасауда ЭЦҚ арқылы қол қою мен дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етудің проблемалық аспектілерін талдау. Мақалада электрондық шарттарды мемлекеттік тіркеуге және дербес деректерді қорғауға байланысты республикамыздағы электрондық сауданы дамытуда бүгінгі күні байқалатын негізгі үрдістер мен проблемалары қарастырылған. Зерттеу әдістері ретінде талдау және синтездеу, тарихи, формальды-логикалық сияқты ғылыми ізденістің жаппы әдістерімен қатар, салыстырмалы-құқықтық зерттеу, модельдеу сияқты жеке әдістері де қолданылды. Айтар болсақ, жылжымайтын мүлікті тіркеу, «блокчейн» технологиясы арқылы ЭЦҚ-ны қолдануда дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етудің қызметтері талданып, моделі әзірленді. Зерттеу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді: а) блокчейн технологиясының механизмі зерделеніп және оны қолдануда туындайтын қоғамдық қатынастардың осы саласын құқықтық реттеудегі объективті қиындықтары анықталды; ә) Қазақстан Республикасының электронды нысандағы мәмілелерді жасау мен орындауды реттейтін негізгі нормативтік актілері талданды; б) жылжымайтын мүлікті тіркеуде блокчейн технологиясын қолданудың шетелдік тәжірибесі зерделенді; в) Қазақстандағы сандық технологияларды құқықтық реттеу талданып, смарт-келісімшарттың тұжырымдамасы айқындалды; г) смарт-келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз етудің ерекшеліктері айқындалды; д) ЭЦҚ-ны қолдануда дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету кезінде негізгі проблемалық аспектілер зерттелді. Мақаланың қорытындысында осы процестерді заңнамалық реттеу мақсатында нормативтік құқықтық актілерге, соның ішінде «жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңға толықтырулар мен өзгерістер енгізу ұсынылған.

*Кілт сөздер:* блокчейн технологиясы, электронды-цифрлық қолтаңба, жылжымайтын мүлік, смарт-келісімшарт, дербес деректер, сандық технология, электрондық мәміле, электрондық сауда, азаматтарға арналған үкімет.

### *Кіріспе*

Жаңа ақпараттық технологиялардың қоғам өмірінің негізгі салаларында тереңінен еніп, кеңінен қолданылуы құқыққолданушылық қызметіне, заң шығарушылық тәжірибесіне күрделі проңестерінің бастауына түрткі болды. Жылдамдық пен ыңғайлылық — электрондық құжат айналымының негізгі артықшылықтары. Бұл әрбір адамға қашықтықтан құқықтық қатынасқа түсуге, уақытты едәуір үнемдеуге әрі азаматтық құқық субъектілерінің өзара әрекеттесуіне де тиімді ықпал етін, қарапайым түрде қолжетімділікті, бір-бірлеріне деген сенімділікті қамтамасыз етін отыр.

Сондай-ақ, тәжірибеде бұл халықтың өмір сүру сапасын көтеруге, кәсіпкерлердің арасында бәсекелестік деңгейін арттыруға және нарықтық экономикадағы қатынастар бойынша қолайлы нәтижелерге қол жеткізуге әсерін тигізді. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығында цифрлық кеңістікті дамытуды, алдымен, цифрландыру және ақпараттандыру саласын жетілдіруді бастау қажеттігін көрсетті. Бұл орайда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, электрондық коммерция, деректерді өңдеу, цифрлық активтер, смарт-келісімшарттар, электрондық құжат, электрондық мәмілелер туралы құқықтық реттеуді кемелдендіру талап етіледі.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: Mira\_19820509@mail.ru

Әрине, қазіргі уақытта әлеуметтік, құқықтық адамзат өмірінің барлық салаларына цифрлық технологияларды кеңінен енгізу жаппай халықаралық трендке айналып отырғаны даусыз факт болып табылады. Қазіргі шындық бізге үнемі өзінің жаңа талаптарын, әсіресе ақпараттық технологиялар саласында талап етеді. Осыған байланысты әрбір мемлекет жақын арада болатын өзгерістерге дайын болуға және цифрлық технологиялар призмасы арқылы болашақ қоғамдық қатынастарды модельдеуге тиіс. Сондай-ақ, Қазақстан ел экономикасына жаңа цифрлық технологияларды енгізуге үлкен мән береді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында ел заңнамасын жаңа цифрлық технологияларға, оның ішінде блокчейн-технологияға бейімдеуді тапсырды.

Демек, бүгінгі күні электрондық сауданы дамытудың құқықтық негіздерін реттейтін арнайы нормативтік құқықтық актінің қажеттілігін туындатады.

#### *Әдістер мен материалдар*

Жұмыс барысында логикалық талдау, индукция және дедукция, талдау және синтездеудің жалпы ғылыми әдістері, сонымен қатар жеке әдістер пайдаланылды. Атап айтқанда, жүйелік, функционалдық, салыстырмалы-құқықтық және формалды-құқықтық әдістер. Сондай-ақ шындықты дәлірек көрсететін диалектикалық әдіс те қолданылды. Бұл әдіс белгілі бір мәселелерді тұжырымдауға, шешімдерді табуға, осы шешімдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалауға және осы мәселені шешудің ең қолайлы нұсқасын таңдауға көмектеседі. Салыстырмалы-құқықтық әдіс бізге шет елдердің тәжірибесін қабылдау арқылы аталған проблеманы шешуге көмектесетінін атап өту қажет, өйткені дайын модель бар, оның кемшіліктері мен артықшылықтары белгілі, сондықтан оны Қазақстан Республикасындағы заңнаманы ескере отырып қолдануға болады.

Қазақстан Республикасындағы электрондық сауданы дамыту тенденциялары мен проблемаларын құқықтық негіздерін талдауда М.К. Сулейменов, А.К. Құсайынова, А.Б. Омарова сияқты отандық заңгерлердің ғылыми еңбектерінде, С.И. Климкин және т.б. шетелдік авторлардың ғылыми еңбектері зерделенген.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 28 шілдедегі Заңы және Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Заңына қабылданған тиісті нормалар талданды.

#### *Нәтижелер*

Осы тармақта жүргізілген талдау негізінде республикадағы электрондық сауданы дамытудағы үрдістер мен проблемаларды мынадай тұжырымдар жасауға болады. Іс жүзінде тұрғын үй құрылысы және ипотекалық несиелеу саласындағы электрондық шарттар негізінде құқықтарды электрондық мемлекеттік тіркеу кеңінен таралуда. Бұл заманауи цифрлық технологияларды — ЭЦҚ және блокчейнді енгізуге байланысты мүмкін болды. Блокчейн — бұл электрондық база. Ол белгілі бір мәміле шеңберінде өндірілетін, сондай-ақ осы базаның барлық пайдаланушыларына қолжетімді мәліметтер тізілімі.

Бұдан басқа, шартқа қол қоюшы тараптың еркін растау үшін цифрлық қолжазба қолтаңбасын қолдану байқалады.

Сонымен қатар, ЭЦҚ-ны қолдануда дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі нормаларды сақтамау себептерінің арасында ЭЦҚ-ны заңсыз беру және пайдалану жағдайларының өсуі байқалған. Бұл құбылыстың себептерінің бірі — коронавирустық пандемиямен күресудің шектеулі шараларына байланысты көптеген процестердің онлайн форматқа күрт ауысуы болып табылады.

#### *Талқылаулар*

Халықаралық тәжірибеде ақпараттық ресурстар мен технологиялардың дамуына байланысты болып жатқан өзгерістердің барлық аспектілері бойынша заңнамалық негіздермен қамтамасыз етілмейтінін ескеру қажет. Неміс ғалымы Ханс Йоахим Шрамм атап өткендей, «әлі консенсусқа қол жеткізе алмаған көптеген арнайы мәселелер бар және ұлттық заң шығарушылар алдын ала тәртіпте алға жылжуда». Осындай мысалдарының ішінде автор «блокчейн технологиясын қолдану нәтижесінде пайда болатын әлеуетті қосымшаларды» және басқаларын келтіреді [1; 23].

Электрондық шарттарды мемлекеттік тіркеуге және дербес деректерді қорғауға байланысты республикамыздағы электрондық сауданы дамытуда бүгінгі күні байқалатын негізгі үрдістер мен проблемаларды ғана қарастырамыз. Сондай-ақ, ЭЦҚ қоса алғанда, өз қолымен қол қою аналогтарын қолдануға байланысты мәселелерді қамтимыз.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымнан жылжымайтын мүлік құрылысы саласындағы электрондық мәмілелерді қолдана отырып, электрондық сауданың салыстырмалы түрде жылдам дамуын байқауға болады. Осылайша, іс жүзінде жылжымайтын мүлікке құқық ауыртпалығы шарттарын электрондық мемлекеттік тіркеу қолданыла бастады. Бұл Blockchain арқылы мүмкін болды, ол «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына жылжымайтын мүлік кепілі шартын тіркеу бойынша мемлекеттік қызметтің мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Мұндай тәжірибені енгізудің бір мысалы — «Отбасы банк» АҚ ипотекалық кредит бойынша кепілшартын электрондық мемлекеттік тіркеу болып табылады. Отбасы банкінің клиенттері банк порталында, яғни [vaspana.otbasybank.kz](http://vaspana.otbasybank.kz) сайты арқылы жеке кабинет ашады. Отбасы банкімен жасалған электрондық шарт клиентке оның жеке кабинетіне жіберіледі, онда ол оған ЭЦҚ пайдалана отырып қол қояды. Осылайша қол қойылған шартты банк «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына ақпараттық-коммуникациялық құралдар, Blockchain нұсқалық технологиясы арқылы шартта көрсетілген құқықтарды мемлекеттік тіркеуге жібереді. Құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы хабарлама клиенттің жеке кабинетіне келіп түседі, онда ол онымен таныса алады [2]. Осылайша, іс жүзінде ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы электрондық шартты ұсынып, онда көрсетілген құқықтарға мемлекеттік тіркеу енгізіледі.

Blockchain дегеніміз не? А. Қалдыбаев пен Ш. Теміров «Смарт-келісімшарттар және олардың шарттық дауларды болдырмаудағы рөлі» атты мақаласында Blockchain-ді электрондық шарттар жасау кезінде қолданылатын және мәміле тараптары арасындағы белгілі бір дәрежеде сенім мен делдалдарды жоюды қамтамасыз ететін ақпараттық құрал ретінде қарастырады. Авторлар «блокчейн — бұл ақпарат (транзакциялар) жазылған (кодталған) криптографиялық байланысқан блоктардан тұратын таратылған ақпараттық тізбек» деп жазады. Бұл ретте ақпарат осы тізбекте тіркеледі және жойылуға жатпайды, тек жүргізілген іс-қимылдар тарихын сақтай отырып жаңартылады [3]. Осылайша, Blockchain барлық жасалған жазбалар мен өзгерістерді бақылауға мүмкіндік береді, бұл мәміле тараптары арасындағы сенімді қамтамасыз етеді.

Авторлар сонымен қатар делдалдарсыз мәміле жасау мүмкіндігі мәмілеге байланысты шығындарды азайтатынын атап өтеді. Бұл тараптар арасындағы сенімге қатысты жоғарыда аталған Blockchain қасиетімен бірге Blockchain-дің экономикалық қызметтің әртүрлі салаларында таралуына ықпал етеді. Blockchain қолданудың мысалы ретінде авторлар оны «Ресейдегі үлестік қатысу шарттарын тіркеу» және Қазақстандағы «Самұрық» қазынаның сауда-саттыққа қатысушыларды біліктілік іріктеу үшін қолданады [3].

Ғалым М.К. Сулейменовтің пікірінше Blockchain «үйлестірілген тізілім немесе байланысты блоктар». Яғни, бұл сандық тізілім немесе мәліметтер базасы және бұл деректер пайдаланушылардың барлық компьютерлеріне таратылады. Blockchain (тізбек) — жойылуы немесе зақымдалуы мүмкін емес. Әрбір жаңа блок майнинг процесінде математикалық есептеулер арқылы өндіріледі және қолданыстағы блокчейнге тізбектеледі. Әрбір пайдаланушы кез келген уақытта бүкіл блокчейнді көре алады. Блокчейнде жалған және алдау мүмкін емес. Автор Қазақстанда Blockchain қолданудың бір мысалы ретінде «балабақшаға кезек қалыптастыруды» келтіреді. Әрбір өтініш беруші кезекті құрайтын блокчейндегі жаңа блок болып табылады. Жаңа блок алдыңғы блокқа, ал алдыңғы блок келесіге бекітіледі. Өз кезеңіңізді нақты білуге мүмкіндік беретін қатты ілінісу жасалады. Бұл кезекті ешкіммен де, ешқашан да ауыстыруға немесе қайта реттеуге болмайды» [4].

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы «Ақпараттандыру туралы» Заңы қарастырылып отырған терминнің мынадай анықтамасын белгілейді: «блокчейн — өзара байланысты деректер блоктарының тізбегі, берілген тұтастықты растау алгоритмдері және шифрлау құралдары негізінде таратылған деректер платформасындағы ақпараттың өзгермейтіндігін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық технология».

Осылайша, Blockchain мәліметтер базасын және барлық іс-әрекеттерді қалыптастыруды, осы мәліметтер базасының өзгермейтіндігін және дерекқор пайдаланушыларына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды электрондық мемлекеттік тіркеуге оралсақ, электрондық шарт негізінде мұндай тіркеуді жүзеге асырудың мысалы «Шаңырақ» бағдарламасы бойынша ипо-

текалық кредит бойынша кепіл шартын тіркеу болып табылады. Басқа қалада тұратын қосалқы қарыз алушы ЭЦҚ арқылы электрондық шартқа қол қояды және банк қол қойылған электрондық шартты мемлекеттік тіркеуге жібереді. «Отбасы банкінің» Басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимованың ақпараты бойынша, 2021 жылдың қазан айының басында «100-ге жуық осындай кепілшарттары» тіркелді [2]. Бұл ретте деректерді «үшінші тұлғаларға» беру мүмкіндігі толығымен алынып тасталады. Бұл берілетін деректердің толық сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жылжымайтын/жылжымалы мүлікке құқықтарды электрондық мемлекеттік тіркеуді қолданудың тағы бір мысалы: 2021 жылғы қарашадан бастап енгізілген ҚР Әділет және ңифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктері, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бірлесіп іске асыратын «ңифрлық ипотека» пилоттық жобасы болып табылады. Жоба жеке тұлғаға құрылыс салушыдан қашықтан жылжымайтын мүлікті таңдап, осы мәміле бойынша электрондық нысанда шарттар жасасуға, ипотека ресімдеуге және жасалған электрондық шарттар бойынша құқықтарды электрондық мемлекеттік тіркеуді жүргізуге мүмкіндік береді.

Бұл жаңалық кепіл немесе жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату шартын тараптың Халыққа қызмет көрсету орталығына жеке өзі берген кезде рәсімнің орнына келді. Содан кейін халыққа қызмет көрсету орталығы құжатты «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына шартта көрсетілген құқықтарды мемлекеттік тіркеуге жібереді. Белгіленген мерзім өткеннен кейін шарт тарапына құқықтарды мемлекеттік тіркеу нәтижелері туралы тиісті анықтама беріледі, ол үшін ол халыққа қызмет көрсету орталығына жеке өзі барады.

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына шарт ұсынудың тағы бір нұсқасы — ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы нотариустың ЭЦҚ-мен куәландырылған шартының сканер-көшірмесін ұсынуы болып табылады. Мемлекеттік тіркеу нәтижелері туралы хабарлама нотариусқа электронды түрде берілді. Бұл әрекеттер мемлекеттік тіркеу туралы Заңмен реттеледі.

Сонымен іс жүзінде электрондық шарттар бойынша құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырудың көбеюі байқалады. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 28 шілдедегі Заңды талдау негізінде анықталғандай, заң шығарушы тиісті құжаттың электрондық көшірмесі негізінде мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруды көздейді, ал электрондық мәмілелер электрондық форматта ресімделеді. Бұл ретте, заңмен жасалған мәміле негізінде туындайтын құқықтарды электрондық тіркеу регламенттелген, онда барлық тіркеу пронесі электрондық нысанда жүргізілуі мүмкін (өтініш беру, төлеу, хабарлау және тіркеу туралы белгі қою). Алайда, заңда электрондық мәмілелерді мемлекеттік тіркеу көзделмеген.

Дегенмен іс жүзінде ңифрлық қолжазба қолтаңбасы электрондық келісімшарттар жасасу кезінде кеңінен таралуда. Мысалы, азаматтардың жылжымайтын мүлікті құрылыс салушыдан сатып алуы немесе құрылыс салушымен үлестік қатысу жасасуы кезінде электрондық нысанда мәмілелер жасасу кезінде ңифрлық қолтаңбалар белсенді қолданыла бастады. Бұл сондай-ақ құрылыс салушылардың осылайша қол қойылған электрондық шарттарды электрондық шарттар негізінде құқықтарды электрондық мемлекеттік тіркеуге жолдауын іс жүзінде енгізуге ықпал етті.

А.К. Құсайынова мен А.Б. Омарова «Электрондық ңифрлық қолтаңба ұғымы туралы» деген мақалада ңифрлық қолжазба қолтаңбасы — арнайы қалам — стилусты пайдалана отырып, электрондық құрылғының (планшет, смартфон және т.б.) сенсорлық экранында тұлға қоятын «электрондық нысандағы қолжазба қолтаңбасы» қолжазбаның ңифрлық аналогі екенін атап өтеді. Авторлар ңифрлық қолжазба қолтаңбаларын қолдану мысалдары ретінде «жеке куәлікті алған кезде арнайы құрылғының сенсорлық бетінде жеке тұлғаның қолжазба қолтаңбасын» келтіреді. Сондай-ақ стилус қаламы бар планшеттер Қазақстанның жол полициясы жұмысының процесінде пайдаланылады» [5, 43].

Сондай-ақ, авторлар іс жүзінде ңифрлық қолжазба қолтаңбасы «сәйкестендіру құралы ретінде заңды мәнге ие» болғанымен, ол заңды түрде бекітілмегенін атап өтеді. Тәжірибеден электрондық операцияларды жүзеге асыру үшін қол қоюдың басқа ңифрлық тәсілдерінің мысалдарын келтіре отырып (СМС-кодтар, PIN-кодтар, электрондық құрылғының сенсорлық бетіне саусақты қолдану), А.К. Құсайынова және А.Б. Омарова оларды «қарапайым электрондық қолтаңба» ұғымына біріктіруді ұсынады, олар ЭЦҚ — білікті электрондық қолтаңбаны «электрондық қолтаңба» ұғымына бі-

ріктіреді, сондай-ақ барлық электрондық құжаттарды қолдану мүмкіндігін мойындай отырып, электрондық құжат ұғымын кеңейтуді ұсынады.

А.К. Құсайынов пен А.Б. Омаровтың пікірімен келісе отырып, электрондық шартқа қол қою тәсілі ретінде цифрлық қолжазба қолтаңбаны заң жүзінде бекіту орынды деп санаймыз.

Іс жүзінде азаматтардың ЭЦҚ қолдануына қатысты проблемалар да орын алуда. ЭЦҚ оның иесінің жеке еркін растау, сондай-ақ құжатқа иесінің жеке өзі қол қойғанын растау болып табылады. Алайда, бөгде тұлғалардың ЭЦҚ қолдану жағдайларының көбеюі байқалады. Мәселен, ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ақпараты бойынша, егер 2015–2018 жылдары әкімшілік құқық бұзушылық ретінде бөгде тұлғалардың ЭЦҚ пайдалануының 15 заңсыз жағдайы тіркелген болса, онда тек қана:

- 2019 жылы бұл сан 3 еседен астам өсті;
- 2020 жылы 2015–2018 жылдармен салыстырғанда 2 еседен астам өсті [6].

Бұл ретте бөгде тұлғалардың ЭЦҚ пайдалану себептерінің арасында:

- «мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларының өз ЭЦҚ-сын басқа қызметкерлерге беруі»;
- «жұмыс берушілер жұмыстан шыққан қызметкерлердің ЭЦҚ-сын қайтарып алмауы»;
- жеке тұлғалардың өз ЭЦҚ-сын басқа тұлғаларға беруі;
- «ЭЦҚ иелерінің оны қорғау жөніндегі шараларды сақтамауы» [7] себептері бар.

Аталған себептердің барлығы ЭЦҚ иелерінің электрондық құжаттар туралы заң нормаларын және ЭЦҚ иелерінің оны қорғау жөніндегі шараларды пайдалануы мен сақтау қажеттілігіне қатысты ЭЦҚ нормаларын бұзуы болып табылады.

ЭЦҚ қолданумен байланысты құқық бұзушылықтар саны бойынша жоғарыда келтірілген деректерден пандемия басталған жылы күрт өсудің байқалғаны байқалады. Вирусқа қарсы шектеу шараларына байланысты көптеген қызметтер онлайн форматқа ауыстырылды, жұмыс көптеген ұйымдарда қашықтықтан форматқа ауыстырылды. ЭЦҚ пайдалану қажеттілігі артты.

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы бұқаралық ақпарат құралдарында «ЭЦҚ-мен «Азаматтарға арналған үкімет» алаяқтық жағдайлары айтарлықтай өсті» жарияланымында былай деп атап өтті: «Қазіргі уақытта әлеуметтік желілерде қазақстандықтарға дербес деректерді сұрау арқылы белгілі бір ақыға онлайн ЭЦҚ алуға көмектесуді ұсынатын көптеген хабарландырулар пайда болды. Сондай-ақ, кейбір кәсіпкер азаматтар жағдайды пайдаланады және коронавирустық індетке байланысты карантин кезінде табысының жоғалуына байланысты әлеуметтік жәрдемақы ресімдеуді ұсынады, азаматтан ЖСН, ЭЦҚ, банк картасының деректемелерін және тінті одан пин-кодты сұрайды. Бөтен адамдарға өз деректерін, оның ішінде ЭЦҚ-ны ұсына отырып, азаматтардың өздері өздерінің дербес деректері мен мүлкіне қауіп төндіретінін түсіну қажет» [8].

Көрсетілген бұзушылықтар бойынша алдын алу шаралары ретінде ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы мыналарды атап өтеді:

- ЭЦҚ-ны үшінші тұлғаларға беруге жол бермеу керек. Ұйымдарда құжаттарға қол қоюға жауапты қызметкерлер үшін жеке ЭЦҚ беру;
- ұйымнан ЭЦҚ-сы бар қызметкерлерді жұмыстан шығару фактілерін қадағалау және олардың ЭЦҚ-сын уақтылы кері қайтарып алу;
- жоғалған жағдайда, алдыңғысын кері қайтарып алып, ЭЦҚ-ны дереу қайта шығарсын, сондай-ақ парольді стандарттыдан күрделіге ауыстыру;
- мемлекеттік қызметтерді онлайн алу, оның ішінде ЭЦҚ және әлеуметтік жәрдемақыны ресімдеу мәселелері бойынша тегін көмек алу үшін 1414 Бірыңғай байланыс орталығында хабарласуға болады;
- Facebook әлеуметтік желісіндегі «eGov көмек» тобына жүгіну, оның мүшелері-еріктілер, IT-мамандар және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері мемлекеттік қызметті, оның ішінде ЭЦҚ алу кезінде техникалық мәселелер бойынша тегін көмектеседі;
- дербес деректерді «ақылы күмәнді көмекшілерге» берген жағдайда, Pki.gov.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы ЭЦҚ паролін өзгерту немесе оны толығымен алып тастау.

Сонымен, ЭЦҚ-ны заңсыз пайдаланудың жоғарыда аталған себептеріне олардың ЭЦҚ-на қол жеткізу үшін азаматтардың дербес деректерін заңсыз алу қосылады.

Бұдан басқа, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі коммерциялық ұйымдардың азаматтардың дербес деректерін заңсыз таратқанын атап өтті. Аталған министрліктің ақпараттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Руслан Әбдіқалықов Орталық коммуникациялар

қызметінде өткен брифингте «Азаматтар көбінесе өздерінің дербес деректерін ашық қолжетімділікте тарататын коммерциялық интернет-ресурстарға шағымданады. Ол туралы ақпарат: ЖСН, туған күні мен орны, егер бар болса — тінті сот шешімдері. ЕО осыған байланысты біз мемлекеттік органдарға да, жеке интернет-ресурстарға да қатысты артық деректердің жалпыға қолжетімді ресурстарында жариялануының жолын кесу жөнінде шаралар қабылдадық», - деп мәлімдеді. Бұдан әрі Р. Әбдіқалықов атап өткендей, «бұзушылардың арасында коммуналдық қызметтер, ПИК (пәтер иелерінің кооперативі), ТҚК (тұрғын үй-құрылыс кооперативі) және МИБ (мүліктің меншік иелері бірлестігі) бар. Олар борышкерлердің тізімдерін кіреберістерде орналастырады, чаттарда таратады. Көбінесе бұл тізімдерде жеке мәліметтер бар: иелерінің аты-жөні, мекенжайы, телефондары. Мұндай деректердің таралуы артық болып табылады және егер олар шабуылдаушылардың қолына түссе, оларды зиян келтіру мақсатында пайдалануға әкеп соғуы мүмкін».

Дербес деректерді қорғау электрондық сауданың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады, ол оның ерекшелігіне, яғни ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолданумен байланысты болады. Электрондық сауда мәселелерімен айналысатын мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар дербес деректерді қорғау бойынша, оның ішінде электрондық саудаға қатысушылардың бір елдің шеңберінде жиналатын, пайдаланылатын және сақталатын, сондай-ақ шет елдерге берілетін дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін белгілеу жолымен шаралар қабылдап жатқаны атап өтілді [9].

Бұл ретте, уақыттың кез келген нақты сәтінде кімнің жеке деректері бар екенін, қандай деректер бар екенін, олар не үшін пайдаланылатынын және жеке деректердің иесі/сақтаушысы қай жерде орналасқанын анықтау мүмкін болуы тиіс. Сонымен қатар, жеке тұлға басқарушыда оның жеке деректерінің бар екендігін растауға және олардың жойылуын талап етуге құқылы.

Сонымен қатар, дайындықты бағалау жөніндегі нұсқаулықтан дербес деректерді қорғау жөніндегі халықаралық тәжірибеге сәйкес, құпиялылық және деректерді қорғау мәселелері заңнамалық реттелетін елдердің көпшілігінде осы заңнамалық нормалардың орындалуына жауапты арнайы орган бар.

Қазақстан дербес деректерді қорғаудың институционалдық және заңнамалық тетіктерін де белгіледі. Мәселен, 2020 жылы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті орган болып белгіленді. Бұл комитеттің уәкілеттері:

Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізуге:

- 1) азаматтардың өтініштері;
- 2) мемлекеттік органдардың мәліметтері;

Мәселелер бойынша әкімшілік істер қозғау:

- 1) дербес деректерді жинаудың заңдылығы;
- 2) дербес деректерді сақтаудың заңдылығы;
- 3) дербес деректерді өңдеудің заңдылығы;
- 4) дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды сақтау.

Дербес деректер және оларды қорғау туралы сұрақтар мына тәртіпте реттеледі:

- ҚР Конституциясымен;

- ҚР 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңымен [10];

- «Ақпараттандыру туралы» ҚР 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Заңымен;

- ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 909 қаулысымен бекітілген меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидаларымен [11];

- ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 21 қазандағы № 395/НҚ бұйрығымен бекітілген Дербес деректерді жинау, өңдеу қағидаларымен [12];

- Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы № 42 «Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы» [13] бұйрығымен бекітілген, жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректер тізбесімен;

- басқалар.

Мысалы, заңнамада дербес деректер деп «электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген, олардың негізінде айқындалатын белгілі бір дербес деректер субъектісіне қатысты мәліметтер» (Дербес деректер және оларды қорғау туралы Заңның 1-бабының 2) тармақшасы)

түсініледі. Сонымен қатар, жалпыға қолжетімді дербес деректер және шектеулі қол жетімділік, сондай-ақ белгілі бір тапсырманы орындау үшін адамнан сұралуы мүмкін мәліметтер тізімін құру арқылы оларды жинау көлеміне шектеу қойылды.

Азаматтардың дербес деректерін жинау және пайдалану «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңның 9-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтардың келісімімен ғана және «нақты, алдын ала белгіленген және заңды мақсаттарға қол жеткізу» үшін қажетті көлемде ғана жүзеге асырылады («Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңның 7-бабының 4-тармағы және 14-бабы). Бұл ретте, мұндай келісім сервис арқылы немесе дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ететін өзге де тәсілмен жазбаша/электрондық құжатпен жүзеге асырылады. Өз кезегінде, қолжетімділігі шектеулі азаматтардың осы дербес деректері бар адамдар олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

Сондай-ақ, азаматтар «меншік иесінде немесе операторда ақпараттық құралдардың, сондай-ақ үшінші тұлғаның өзінің дербес деректерінің болуы туралы» хабардар болуға, олардан төмендегілерді талап етуге құқылы:

- өз дербес деректерінің өзгеруі;
- өзінің дербес деректерін бұзаттау;
- өзінің дербес деректерін жою;
- заңнамаға сәйкес өзінің дербес деректерін жинауға келісімді кері қайтарып алу («Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңның 24-бабы).

Бұл жерде қарастырылып отырған заңдағы үшінші тұлғалар деп азаматтардың дербес деректерін иеленетін және осы пән бойынша олармен байланысты тұлғалар түсінілетінін атап өтеміз.

Сондай-ақ, қазақстандық ғалымдар С.И. Климкин мен М.К. Сулейменовтің жоғарыда аталған терминдерді қарастырылып отырған заңда меншік иесі немесе оператор және басқалар сияқты қолдану туралы пікірін келтіреміз. М.К. Сулейменов заманауи технологияларды енгізумен байланысты жаңа терминдерге қатысты олардың салалық заңдарға енгізілмегендігін растайды, өйткені «олар аса түсінікті емес, цифрлық технологияның дамуымен өзгертін көптеген мүмкін анықтамалардың бірін ғана көрсетеді. Ең бастысы, олар заңды түрде пайдасыз, өйткені олар ештеңені реттемейді» [4].

«Цифрлық құқық және азаматтық-құқықтық қатынастар» мақаласында С.И. Климкин М.К. Сулейменовтің салалық заңдарда қолданылатын технологиялық анықтамалардың заңдағы пайдасыздығы туралы осы тұжырымдарымен келісе отырып, «бұл терминдерді қолдану мәжбүрлі шара болып табылады, себебі заң шығарушы әлі денесіз құқықтарға қатысты қандай да бір барабар терминологияны дамытқан жоқ», тек талданатын заңның тақырыбымен шектеледі. Соған қарамастан, біз заң шығарушының аталған қатесін сыни деп санамаймыз, себебі мұндай тәсіл осы терминологияны қолданудың қалыптасқан қазақстандық тәжірибесіне сәйкес келеді» [14, 9].

Осыған байланысты, бұл жұмыста «үшінші тұлғалар», «меншік иесі» және басқалар сияқты Ақпараттандыру туралы заң терминдерінің анықтамалары мен қолданылуын талдау міндеті қойылмаған. Біздің талдауымыз электрондық сауданы жүзеге асыру кезінде азаматтардың дербес деректерін қорғау заңнамамен реттелетінін анықтауға бағытталған.

Бұдан әрі, «Ақпараттандыру туралы» Заңның 36-бабы электрондық ақпараттық құралдарда дербес деректерді жинау және өңдеу ерекшеліктерін белгілейді. Сонымен, осы құжаттар:

- «жеке тұлғалар туралы дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды мүлктік және (немесе) моральдық зиян келтіру, Қазақстан Республикасының заңдарында кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды іске асыруды шектеу мақсатында» пайдалануға тыйым салу;
- электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иелері мен операторларының электрондық ақпараттық ресурстарында бар дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз ету міндеті;
- үшінші тұлғалардың-азаматтардың дербес деректерін иеленушілердің міндеті — оларда бар дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуді («Ақпараттандыру туралы» Заңның 36-бабының 6 және 8-тармақтары) реттейді.

Заңнамада дербес деректерді трансшекаралық беру де регламенттелген. Дербес деректерді беру «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңның 16-бабының 3-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, мемлекет оларды қорғауды қамтамасыз ететін елдерге ғана мүмкін болады.

Сөйтін, Қазақстанда электрондық сауданы жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғаудың заңнамалық негіздері мемлекеттердің және халықаралық ұйымдарда қаралған дербес деректерді қамтамасыз етуге қойылатын негізгі талаптарға сәйкес келеді.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі азаматтардың дербес деректерін қорғауды қамтамасыз ету үшін «мемлекеттік органдарға да, жеке интернет-ресурстарға да қатысты артық деректердің жалпыға қолжетімді ресурстарында жариялануының жолын кесу жөнінде шаралар қабылдағанын» атап өтеміз. Мысалы, осы іс-шаралар шеңберінде Мемлекеттік кірістер комитетінің «салық төлеушіні іздеу» сервисі жетілдірілді [7]. Енді бұл қызметте тегі, аты және әкесінің аты енгізілген кезде осы жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірін беретін және керісінше функция жоқ.

### Қорытынды

Бүгінгі күні Қазақстанда электрондық шарттар, сондай-ақ тұрғын үй құрылысы саласында электрондық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде цифрлық қолтаңба негізінде құқықтарды электрондық мемлекеттік тіркеуді кеңінен қолдану үрдісі байқалады. Осыған байланысты, осы процестерді заңнамалық регламенттеу мақсатында нормативтік құқықтық актілерге тиісті толықтырулар мен мынадай сипаттағы өзгерістер енгізуді ұсынамыз:

1) «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 28 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 31) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «Электрондық тіркеу — құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесі арқылы тіркеуші органға келіп түсетін, электрондық нысанда жасалған құқық белгілейтін құжат немесе оның электрондық көшірмесі негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік тіркеу»;

2) ҚР АҚ-нің 152-бабы 2-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «егер заңдарға немесе қатысушылардың бірінің талабына қайшы келмесе, мәміле жасау кезінде қол қоюдың факсимильді көшіру, электрондық цифрлық қолтаңба, цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалануға жол беріледі».

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Ганс Йоахим Шрамм. Правовые вопросы экономики платформ / Шрамм Йоахим Ганс // Проблемы правового обеспечения предпринимательства в условиях цифровой экономики: материалы Междунар. науч.-практ. конф., посвящ. памяти д-ра юрид. наук Амирхановой Ирины Викторовны (Алматы, 23 апреля 2021 г.). — Алматы, 2021. — С. 23.
- 2 Технология Blockchain позволила регистрировать залог недвижимости удаленно. 6 октября 2021 года. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://profit.kz/news/61895/Tehnologiya-Blockchain-pozvolila-registrirovat-zalog-nedvizhimosti-udalennno/>.
- 3 Калдыбаев А. Смарт-контракты и их роль в предотвращении договорных споров / А. Калдыбаев, Ч. Темиров // Сб. «Гражданское право. Статьи. Комментарии. Практика». — Вып. 57 / под ред. д-ра юрид. наук, проф. А.Г. Диденко; д-ра юрид. наук, проф. С.П. Мороз. — Каспийский университет, 2019. — [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=32393058&pos=25;-47#pos=25;-47](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32393058&pos=25;-47#pos=25;-47).
- 4 Сулейменов М.К. Цифровизация и совершенствование гражданского законодательства / М.К. Сулейменов. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=39931835](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39931835).
- 5 Кусаинова А.К. К вопросу о понятии «Электронная цифровая подпись» / А.К. Кусаинова, А.Б. Омаров // Проблемы правового обеспечения предпринимательства в условиях цифровой экономики: материалы Междунар. науч.-практ. конф., посвящ. памяти д-ра юрид. наук Амирхановой Ирины Викторовны (Алматы, 23 апреля 2021 г.). — Алматы, 2021. — С. 43.
- 6 Участились факты незаконного использования ЭЦП третьими лицами. 30 ноября 2020. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://profit.kz/news/59030/Uchastilis-fakti-nezakonnogo-ispolzovaniya-ECp-tretimi-licami/>.
- 7 За незаконное распространение персональных данных уже наказывают. 15 апреля 2021. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://profit.kz/news/61377/Za-nezakonnoe-rasprostranenie-personalnih-dannih-uzhe-nakazivaut/>.
- 8 Случай мошенничества с ЭЦП значительно возросли. 2 апреля 2020 года. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://profit.kz/news/57208/Sluchai-moshennichestva-s-ECp-znachitelno-vozrosli/>.
- 9 OECD. Руководство (основные положения) по защите неприкосновенности частной жизни и трансграничной передаче персональных данных. — [Электронный ресурс]. — 2013. — Режим доступа: <https://digital.report/rekomendatsii-sovetasakasyushhiesya-rukovodstva-po-zashhite-neprikosновенности-chastnoy-zhizni-i-transgranichnoy-peredache-personalnyih-danniyh/>.
- 10 Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094>.
- 11 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 909 «Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000909>.
- 12 Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 21 қазандағы № 395/НҚ «Дербес деректерді жинау, өңдеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027344>.

13 Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы № 42 «Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы» бұйрығы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016320>.

14 Клишкин С.И. Цифровое право и гражданско-правовые отношения / С.И. Клишкин // Проблемы правового обеспечения предпринимательства в условиях цифровой экономики: материалы Междунар. науч.-практ. конф., посвящ. памяти д-ра юрид. наук Амирхановой Ирины Викторовны (Алматы, 23 апреля 2021 г.). — С. 9.

М.А. Жұмаділова, А.Ж. Исаева, Б.Ж. Айтимов

## Тенденции и проблемы развития электронной торговли в Республике Казахстан

Целью исследования является анализ проблемных аспектов обеспечения защиты персональных данных при применении ЭЦП для подписания смарт-контрактов и заключения таких контрактов, связанных с реализацией электронной торговли на основе технологии блокчейн. В статье рассмотрены тенденции и проблемы, наблюдаемые сегодня в развитии электронной торговли республики, взаимосвязанные с государственной регистрацией электронных договоров и защитой персональных данных. В качестве методов исследования, наряду с общими методами научного исследования, такими как анализ, синтез, исторический, формально-логический, использовались и частные методы, а именно: сравнительно-правовое исследование, моделирование. Например, проработана модель услуг по регистрации недвижимости, обеспечению защиты персональных данных при использовании ЭЦП с помощью технологии блокчейн. В ходе исследования получены следующие результаты: рассмотрен механизм технологии блокчейн и выявлены объективные трудности правового регулирования данной сферы общественных отношений; проанализированы основные НПА Республики Казахстан, регулирующие совершение и исполнение сделок в электронной форме; изучен зарубежный опыт применения технологии блокчейн при регистрации недвижимого имущества; проанализировано правовое регулирование цифровых технологий в Казахстане и определена концепция смарт-контракта; исследованы особенности обеспечения исполнения смарт-контрактов, а также основные проблемные аспекты при обеспечении защиты персональных данных при использовании ЭЦП. В заключение статьи предложено внести дополнения и изменения в законодательство в целях правового регулирования данных процессов, в том числе и в Закон РК «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество».

*Ключевые слова:* технология блокчейн, электронно-цифровая подпись, недвижимость, смарт-контракт, персональные данные, цифровые технологии, электронная сделка, электронная торговля, Правительство для граждан.

M.A. Zhumadilova, A.Zh. Issayeva, B.Zh. Aitimov

## Trends and problems of e-commerce development in the Republic of Kazakhstan

The goal of the study is to analyze the problematic aspects of ensuring the protection of personal data when using EDS to sign smart contracts and conclude such contracts related to the implementation of electronic commerce based on blockchain technology. The article discusses the trends and problems observed today in the development of electronic commerce in the republic, related to the state registration of electronic contracts and the protection of personal data. As research methods, along with general methods of scientific research, such as analysis, synthesis, historical, formal and logical, private methods, such as comparative legal research, modeling, were also used. For example, a model of real estate registration services has been developed, ensuring the protection of personal data when using EDS using blockchain technology. In the course of the study, the following results were achieved: the mechanism of blockchain technology was studied and objective difficulties of legal regulation of this sphere of public relations were identified; analyzed the main regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan regulating the execution and execution of transactions in electronic form; studied foreign experience in the use of blockchain technology in the registration of real estate; the legal regulation of digital technologies in Kazakhstan is analyzed and the concept of a smart contract is defined; the features of ensuring the execution of smart contracts are studied; the main problematic aspects of ensuring the protection of personal data when using EDS are studied. In conclusion of the article, we propose to make additions and amendments to the legislation for the purpose of legal regulation of these processes, including the law "On State Registration of rights to immovable property".

*Keywords:* block chain technology, electronic-digital signature, property, smart contract, personal data, digital technologies, electronic transaction, e-commerce, government for people.

## References

- 1 Gans Joahim, Shramm (2021). Pravovye voprosy ekonomiki platform [Legal Issues of the Platform Economy]. *Problemy pravovogo obespechenia predprinimatelstva v usloviakh tsifrovoy ekonomiki: materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii, posviashchennoi pamiati doktora iuridicheskikh nauk Amirkhanovoi Iriny Viktorovny (Almaty, 23 apreliya 2021 goda) — Problems of legal support of entrepreneurship in the digital economy: materials of the International scientific-practical conference, dedicated memory of doctor of law Amirkhanova Irina Viktorovna (Almaty, April 23, 2021)*. Almaty, 23 [in Russian].
- 2 Tekhnologiya Blockchain pozvolila registrirovat zalog nedvizhimosti udaleno. 6 oktiabria 2021 goda [Blockchain technology has made it possible to register real estate pledges remotely. October 6, 2021]. Retrieved from <https://profit.kz/news/61895/Tehnologiya-Blockchain-pozvolila-registrirovat-zalog-nedvizhimosti-udaleno/> [in Russian].
- 3 Kaldybaev, A., & Temirov, Ch. (2019). Smart-kontrakty i ikh rol v predotvrashchenii dogovornykh sporov [Smart contracts and their role in preventing contractual disputes]. *Sbornik "Grazhdanskoe pravo. Stati. Kommentarii. Praktika" - Collection "Civil Law. Articles. Comments. Practice"*. Kaspiiskii universitet. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=32393058&pos=25;-47#pos=25;-47](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32393058&pos=25;-47#pos=25;-47) [in Russian].
- 4 Suleimenov, M.K. Tsifrovizatsiia i sovershenstvovanie grazhdanskogo zakonodatelstva [Digitalization and improvement of civil legislation]. Retrieved from [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=39931835](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39931835) [in Russian].
- 5 Kusainova, A.K., & Omarov, A.B. (2021). K voprosu o poniatii "Elektronnaia tsifrovaia podpis" [On the issue of the concept of "electronic digital signature"]. *Problemy pravovogo obespechenia predprinimatelstva v usloviakh tsifrovoy ekonomiki: materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii, posviashchennoi pamiati doktora iuridicheskikh nauk Amirkhanovoi Iriny Viktorovny (Almaty, 23 apreliya 2021 goda) — Problems of legal support of entrepreneurship in the digital economy: materials of the International scientific-practical conference, dedicated memory of doctor of law Amirkhanova Irina Viktorovna (Almaty, April 23, 2021, pp. 43)*. Almaty [in Russian].
- 6 Uchastilis fakty nezakonno go ispolzovaniia ECP tretimi litsami. 30 noiabria 2020 goda [Facts of illegal use of EDS by third parties have become more frequent. November 30, 2020]. Retrieved from <https://profit.kz/news/59030/Uchastilis-fakti-nezakonnogo-ispolzovaniya-ECP-tretimi-litsami/> [in Russian].
- 7 Za nezakonnoe rasprostranenie personalnykh dannykh uzhe nakazyvaiut. 15 apreliya 2021 goda [For the illegal distribution of personal data is already punished. April 15, 2021]. Retrieved from <https://profit.kz/news/61377/Za-nezakonnnoe-rasprostranenie-personalnih-dannih-uzhe-nakazyvaiut/> [in Russian].
- 8 Sluchai moshennichestva s ECP znachitelno vozrosli. 2 apreliya 2020 goda [EDS fraud cases have increased significantly. April 2, 2020]. Retrieved from <https://profit.kz/news/57208/Sluchai-moshennichestva-s-ECP-znachitelno-vozrosli/> [in Russian].
- 9 OECD. Rukovodstvo (osnovnye polozheniia) po zashchite neprikosnovennosti chastnoi zhizni i transgranichnoi peredache personalnykh dannykh [Guidance (Guideline) on Privacy Protection and Cross-Border Transfers of Personal Data] (2013). Retrieved from <https://digital.report/rekomendatsii-soveta-kasayushhiesya-rukovodstva-po-zashchite-neprikosnovennosti-chastnoy-zhizni-i-transgranichnoy-peredache-personalnykh-dannykh/> [in Russian].
- 10 Qazaqstan Respublikasynyn 2013 zhyly 21 mamyrdayy No 94-V «Derbes derekter zhane olardy qorgau turaly» Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated May 21, 2013 No. 94-V "On personal data and their protection"]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094> [in Kazakh].
- 11 Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2013 zhyly 3 qyrkuiektegi No 909 «Menshik iesinin zhane (nemes) operatorдын, sondai-aq ushinshi tulganyn derbes derekterdi qorgau zhonindegі sharalardy zhuzege asyru qagidalaryn bekіtu turaly» qaulysy [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated September 3, 2013 No. 909 "On approval of the Rules for implementation by owner and (or) operator, as well as third party of measures to protect personal data"]. Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000909> [in Kazakh].
- 12 Qazaqstan Respublikasynyn Tsifriyq damu, innovasiar zhane aerogarysh onerkasibi ministrinin 2020 zhyly 21 qazandagy No 395/NQ «Derbes derekterdi zhinau, ondeu qagidalaryn bekіtu turaly» buirygy [Order of the Minister of Digital Development, Innovation and Aerospace Industry of the Republic of Kazakhstan dated October 21, 2020 No. 395 / RD. Registered with the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan on October 23, 2020 No. 21498 "On approval of the Regulations for the collection, processing of personal data"]. Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027344> [in Kazakh].
- 13 Qazaqstan Respublikasynyn Investisialar zhane damu ministrinin 2018 zhyly 22 qantardagy No 42 «Zhuzege asyrylatyn mindetterdi oryndau ushin qazhetti zhane zhetkilikti derbes derekterdin tizbesm bekіtu turaly» buirygy [Order of the Minister of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan dated January 22, 2018 No. 42. Registered with the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan on February 7, 2018 No. 16320 "On approval of the list of personal data necessary and sufficient to perform the tasks performed"]. Retrieved from: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016320> [in Kazakh].
- 14 Klimkin, S.I. (2021). Tsifrovoe pravo i grazhdansko-pravovye otnosheniia [Digital law and civil law relations]. *Problemy pravovogo obespechenia predprinimatelstva v usloviakh tsifrovoy ekonomiki: materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii, posviashchennoi pamiati doktora iuridicheskikh nauk Amirkhanovoi Iriny Viktorovny (Almaty, 23 apreliya 2021 goda) - Problems of legal support of entrepreneurship in the digital economy: materials of the International scientific-practical conference, dedicated memory of doctor of law Amirkhanova Irina Viktorovna (Almaty, April 23, 2021)*. Almaty, 9 [in Russian].